



ҚАУЛЫ
2021 жылғы 11 ақпан № 32
Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Атырау

**Коммуналдық меншіктің
кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес Атырау облысы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бәсекелестік ортаға беруге ұсынылатын облыстық коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бәсекелестік ортаға беруге ұсынылатын облыстық коммуналдық меншіктегі ұйымдардың сату кестесі бекітілсін.
3. «Атырау облысы Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары А.Т.Әжіғалиеваға жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі



М. Досмұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы «16» қаулауы
№ 32 қаулысына 1-қосымша

Жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық меншіктегі ұйымдар тізбесі

1. «Атырау-Жас отау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
2. «Хиуаз Доспанова атындағы «Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы;
3. «Микрофинансовая организация Атамекен-Атырау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
4. «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
5. Атырау облысы білім беру басқармасына қарасты «Қазақстан геологы» емдеу пансионаты» коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорны;
6. «Атырау облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;
7. Атырау облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының «Атырау Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Атырау облысы әкімдігінің
2021 жылғы «16» қаулауы
№ 32 қаулысына 2-қосымша

Атырау облысы бойынша коммуналдық меншік объектілерінің сату кестесі

№	Объектінің атауы	Бәсекелестік ортаға беру мерзімі
1	«Микрофинансовая организация Атамекен-Атырау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2022 жыл
2	«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	2023 жыл
3	Атырау облысы білім беру басқармасына қарасты «Қазақстан геологы» емдеу пансионаты» коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорны	2023 жыл
4	Атырау облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының «Атырау Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл
5	«Хиуаз Доспанова атындағы «Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы	2025 жыл
6	«Атырау облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл
7	«Атырау-Жас отау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2025 жыл